

Әдістемеліктің әсері мол

ТАЯУДА ІІМ ҚАЖ КОМИТЕТІНІҢ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ БОЙЫНША БӨЛІМІ МЕН ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАЖ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАЗАСЫНДА БЕЙНЕ – СЕЛЕКТОР ӨТТІ: ЖИЫНҒА ОБЛЫСТЫҢ БАРЛЫҚ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ІІМ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Бейне – селекторды ашқан ІІМ ҚАЖ комитеті төрағасының орынбасары, әділет генерал-майоры М.Аюбаев мұндай іс-шаралар мен бас қосулардың пробация қызметінің қызметкерлерінің кәсіби қызметіне және есепке алынған адамдарға әлеуметтік – құқықтық көмегін жүргізу барысында өзекті мәселелерін шешуге ықпал ететінің айтып өтті.

Бұрын ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ғылыми – зерттеу орталығы, ІІМ ҚАЖ комитетімен бірлесіп сотталғанның мінез – құлқын түзетуге бағытталған, өмірдің әртүрлі жағдайындағы оның мінез-құлқы үлгісін ескеріп, есепке алынған адамдармен алдын алу бағытында әңгіме жүргізу бойынша пробация қызметінің қызметкерлері үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленген болатын. Селектор барысында Қостанай Академиясының ғылыми – зерттеу орталығы осы әдістемелік ұсынымдарды тәжірибеде қолдану бойынша пробация қызметінің қызметкерлері үшін бейне-конференция байланысы режимінде дәріс өткізілді.

Өткізілген бейнесабақ пробация қызметінің қызметкерлеріне, есепке алынған сотталушыларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіп, олармен құқық бұзушылықтарының қайталануына жол бермеу ойынша алдын алу әңгімесін өткізуге және тәжірибе жұмысын одан әрі дұрыс жүргізуге көмектеседі.

Сонымен бірге, бейне – селекторда «Южный» полиция тірек орнына ЕСЭДО, ІІО, «СИОПСО», «Беркут – клиент ГО» базаларын қосумен пробация қызметінің қызметкерлері үшін автоматтандырылған жұмыс орындарын құру бойынша ұйымдық – тәжірибелік шараларын қабылдау туралы мәселе қарастырылды.

Гүлмира ҚОЖМҰХАМЕДОВА
ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы